

ISSN 1563-0323
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№3 (85)

2005



Язык как этнокультурный феномен

Айтпаева Ә.Ж.

(А. Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан)

Бесік жырларындағы фразеологизмдердің мәні

Тірек сөздер: бесік жырлары, фольклор, фразеологизмдер, ұлттық дүние

Аннотация: В статье рассматривается значение фразеологизмов в колыбельных песнях на разных языках

Бүгінгі күн еліміз егемен болып, ұлттық тіл өз мәртебесіне ие болуы — халқымыздың жігері. Әлемдік деңгейде қазақ ұлтын таныту үшін оның ұлттық болмысын көрсететін рухани дүниелерін, бай мұраларын таныту керек. Халықтың мұраларын жеткізуші ана тілін ардақтап, оның даму процесін танып-білу, жан-жақты салғастырмалы-салыстыра зерттеу бүгінгі талаптарымыздың бірі. Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде прозалық, поэзиялық шығармаларының тілдік ерекшеліктерін арнайы қарастырылып, зерттелуде. Қазақ елі ойын-той, жиындарда болсын әлемнің әлденеше айтулы саяхатшы-ғалымдары көп жерлерде куә болғандықтан: “Қазақтардың ән салуға құштарлығы қандай жиһанкезді де таңқалдырады. Жолы болған жорықтан кейін музыка мен поэзияға берілуден асқан ләззат жоқ,” — деп ішкен астарын жерге қояды [1, 3 б.].

Қазақ халқының жыр байлығын: *тұрмыс-салт жырлар, тарихи жырлар, дидактикалық жырлар, эпикалық жырлар, айттыс, лирикалық жырлар* деп бөледі. Тұрмыс-салт жырлар ішіндегі бесік жырларының тілдік ерекшеліктерін зерттеу ғалымдарымыздың көңілін аудартып отыр. Яғни, бесік жырларындағы тілдік мәселелеріне көңіл аударуымыздың себебі, жалпыхалықтық тілдің тұнбасын бұзбай өмір сүретін тіл байлығының тарихи және этникалық үрдістердің күрделілігімен, жан-жақтылығымен байланысты. Бесік жырлары халықтың көне тарихынан бастап осы күнге дейінгі өмірімен көптеген мәлімет бере алады. Этнолингвистика саласының жұлдызы Ә.Т. Қайдар былай дейді: “егер халықпен тілді біртұтас құбылыс деп қарасақ, тіл халық өмірінің материалдық және рухани байлықтарын бойына жинаған, оның наным — сенімдерін, дәстүрін көрсететін, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын баға жетпес байлық” [2, 9 б.]. Біз халық жырларын ұлтпен бірге жасасып келе жатқан тарих, мәдениет деп есептейміз. Бесік жырлары — халық рухының, тұрмысының, әдет-салтының, мінез құлқының, өмір-сипатының бейнесі. Жырлардың лингвистикалық жағынан да, тарихи мәлімет жағынан да маңызы зор деп түйіндейміз.

Әр халықтың атам заманнан сұрыпталып, жиналған, бүгінгі күнге жеткен қазынасы бар. Халық шығармашылығында ұлттық дүниені танып, білуінің дәрежесі байқалады, сонымен қатар адамгершілік, еңбекқұмар, ізгілік, мейірімділік, секілді қасиеттерге баулиды. Академик В. Радлов былай дейді: “Қазақ, қырғыз шешен болады. Олар түркі тектес басқа халықтардың қай-қайсынан болсын сөзге ұста келеді... Сөйлеп тұрғанда кідіру, күрмелу дегенді білмейді... Көп уақытта қазақ, қырғыз сөзі өлең, жыр тәрізді болып келеді, сөздері бір ырғақты, ұйқасты шығады. Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір көркем сөзді сүйеді. Поэзияны қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал-мәтелі болсын, жоқтау, қоштауы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын — бәрі де өлең, жыр болып келеді” [3, 4 б.].

Осы тұрғыдан келгенде сөз байлығын этнолингвистика тұрғысынан зерттеу, қазақ тілі білімінде енді-енді қарқын ала бастағанымен, жалпы лингвистикада бұл бағыттың дамуының екі ғасырлық тарихы бар екендігін айтқан жөн.

Этнолингвистика саласында жемісті еңбек етіп, елеулі пікірлер айтқан академик Ә.Т. Қайдар: “Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі — *мәдениеттану* десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. “Мәдениет” жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым,” — деп жазады [2, 13 б.].

Бесік жырларында халыққа тән этностың тарихы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, тіршілігі, мәдениеті жайында аса бағалы мәліметтер бар. Бесік жырлары ұлттық рухани мұрасын өз бойына сақтап келген. Бізге олардың ерекше тілдік қабаттарын арнайы зерттеудің маңыздылығы зор.

Бесік жырлары, оның тілі халықтардың наным-сенімін, дәстүрін, ұрпақ тәрбиесін сақтаған бағалы қазына. Бесік жырларында жыршы өмірде көргені мен сезгенін зерделеп, бейнелеп, өлең күйінде

сыр шертеді. Басқаша айтқанда бесік жырлары “халықтың тек қана көркем өнері ғана емес, әрі философиясы, әрі ғылымы, әрі тәрбие құралы.” [4, 17 б.].

Бесік жырлары көлемі бойынша ықшам болып келгенімен, ол мағына жағынан ұзақ оқиғаны, адамның жан-дүниесінің жағдайын бойына сіңірген. Сондай-ақ ритмикалық құрылыс, ерекше дыбыстық ұқсастық және әуенділік бесік жырларына тән қасиеттер. Бесік жырлары айқын образды және өмір құбылыстарын суреттейді. Жырлардың шығу жолдарының бірі — халықтың әлеуметтік тұрмысы мен тарихи экономикалық жағдайына тікелей қатысы бар өмір тәжірбиесінен пайда болуы. Жыршы мағынасымен әуендік мазмұны жете шоғырланған өлеңді сәбиге арнап жырлайды. Жырдың қызметі әр адам өмірінде ерекше. Бесік жырын тыңдап өскен адам өзінің келешек жолында мүдірмейді. Бесік жырларын сәбидің әжесі, атасы, анасы, күтушісі, жасөспірім бала т.б. орындайды. Орыс халқында халық бесік жырларының (“*колыбельные песни*”) үлкен кені бар, жыр орындаушысын “*баяльщик*” деп атайды. Неміс тілінде бесік жырлары “*Wiegenlieder*”, жыр орындаушысын “*Wiegenzaenger/in*” деп атайды. Татар халқында “*бешик йыры*” (татар люлькасы), ханты ұлттары “*лаль*” немесе “*няурам улулан эры*”. Баланы тәрбиелеп, оны азамат етіп өсіру — ананың еңбегі. Көптеген тілдерде бесік жырлары әр қилы аталғанымен, олардың семантикалық мағынасы ұқсас. Ойымызды нақтылау үшін сібірлік татар өлеңінен үзінді келтірейік:

Тәрбияләп устерергә

Уз ак әнкәсе бар аның.

Аудармасы:

Менің балам тәртіпті болып өсу үшін,

Ақ анасы бар оның.

Түркі бесік жырларының арасындағы ұқсастықтар мен қатар өзіндік ерекшеліктерін көруге болады. Біздің ойымызша, бұл құбылыс сол тілдердің ұзақ жылдар бойы жеке тіл ретінде дербес дамуына байланысты және осымен мәдени-экономикалық қарым-қатынасы мен кей этникалық топтардың туыстығы, белгілі бір аймақта көршілес, аралас-құралас тұруына, рухани дүниесі мен дүние-танымының жақындығына қатысты болса керек. Қазақ, өзбек, қырғыз, татар бесік жырлар және басқа да фольклорлық жанрлардың формалары (мыс: үйлену тойындағы баталар тілектер, жоқтау т.б.) әуендері бір-біріне ұқсас болып келеді. Орыс, неміс халықтарының бесік жырларының сюжеттік мотивтері және поэтикалық бейнелері әдеттегідей, олар өмірдің барлық құбылыстарын (табиғат күшін, байлық тілеу, христиандық не правонсалдық жанұя өмірін, болашақта табысты болуын) қамтиды. Кейіпкерлер екі оппозиция бойынша бөлінеді: адамзат —

адам емес немесе жағымды — жағымсыз бейнелер. Кейіпкерлер ретінде адамды, табиғат құбылыстарын, шырақты (светило), мифологиялық атаулар, аңдар, шаруашылық заттарын келтіреді.

Ғалым Н. Уәлидің: “Тіл — өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді. Сондай іздің сарабын асыл мұраларымыздың тілінен де кездестіреміз” [5, 17 б.] деген ойын біз құптаймыз. Халықтың даналығын, өсиетін, тарихын танытқан қай жыр болмасын ұлттық мәдениетті паш ететін тілдік деректерге толы.

Бесік жырлары баланы бесікке бөлеп, ұйықтатар кезде айтылатын болғандықтан, бесік деген ұғымға тоқталып кетуіміз жөн болар.

Бесік (зат) 1. Жас нәрестеге арналып жасалған ағаш төсек.

Көз ілгенің сүйеніп бесігімде,

Сеземін ұмытқан жоқ тұр есімде.

Ойнаттың, әлдиледің әніңді айтып,

Қызыға қарадың сен қызыл гүлге.

(О. Малқаров, Менің ізім)

2. Ауыс. Өскен орта, мекен. Мысалы: Туған жер — алтын бесігім.

Бесікке салу — түркі халықтары баланы ағаш бесікке салып өсірген [6, 281 б.].

Бесікке салар кезде ана “Бесік жырын” айтқан. Ол жыр әдетте былай басталады:

Әлди, әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем, жылама,

Апакеңді қинама.

“Бесік жыры — жас баланы жұбатқанда, ұйықтатқанда айтылатын өлең. Кәрі әже күндегі машығы бойынша, бесік жырын айтады [6, 281 б.].

Мысалы:

Әлди, әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем,

Әлдилейін жата гої,

Тәтті ұйқыға бата гої.

Атақты ғалым Р.Ә. Авакованың біздің бесік жырларына қатысты: “Адам сәби шағынан тілді, сол арқылы мәдениетті меңгергенде ғана адам болып қалыптасады. Халық мәдениетінің ұшқыр іздері тіл арқылы көрініс табады. Тіл нәзік болғанымен, оның табиғаты күрделі, сондықтан да әлем бейнесі адамзат тілінде әр қилы бейнеленеді. Кез келген сөз мифологиялық құпияға ие, оның мағынасы мифтік түсініктер лирикалық сырларға толы, адамға киелі болады. Ата-бабалар үшін сөздің киелі мағынасын білу, оның құпиясын ашу аса қажет болған,” — деген ой айтады [7, 148 б.].

Өркениет заманы өз биігіне шыққанмен, ұлт мәдениетін ұлт тілінен бөліп алып, дамыту мүмкін емес. Әр ұлт өз мәдениетін, ұлттық болмысын және тұрмыс тіршілігінің суретін тілінде сақтай-

ды. Біз еңбегімізде қазақ, орыс және неміс тілдеріндегі бесік жырларында кездесетін фразеологизмдерді теріп алып, оны өз зерттеу объектіміз ретінде алып, оларды мағыналық және тарихи тұрғыдан жүйелеп қарастыруға тырыстық. Фразеологизмдер — тіл атаулының бәріне тән құбылыс. Тілдердің, әсіресе, құрылымы туыстас емес тілдердің фразеологизмдерін салғастыра зерттеу — салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімінің өте қызықты саласы. Фразеология саласын дара пән ретінде қалыптастыруда, оның тілдегі орнын, зерттеу әдістерін анықтауда, теориялық тұжырымдар жасауда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері көп. Алдыңғы қатарда І. Кеңесбаев, М. Копыленко, Ә. Қайдар, Р. Авакова, З. Ахметжанова, М. Әбілғалиева, Г. Сағидолла, М. Сәбитова, т.б. ғалымдардың жалпы және салыстырмалы-салғастырмалы фразеология мәселесіне арнап жазылған құнды еңбектерін атаймыз. Осы ретте, бесік жырларында кездесетін өте қызықты, әсем өрілген, тұңғығында белгілі мәні мен мағынасы бар тіл бірліктері фразеологизмдерді қарастырамыз. Мағынасының тұрақтылығы, орынды теңеуі мен бейнеленуі, ықшамдылығы, халықтың төл тарихына сусындаған нәрлігі осы тіл бірлігі басқалардан ерекшелендіреді.

Құрылымы әр түрлі қазақ, орыс неміс бесік жырларында мағыналары сәйкес болып келетін фразеологизмдер бар. Олардың бір ұшын кешенді түрде салғастыру біз үшін қызықты. Фразеологизмдерді этнолингвистикалық тұрғыдан талдау көп еңбекті қажет етеді. Жан-жануарлар атаулары барлық тілдер лексикасының ең ежелгі тобын құрап, көптеген фразеологиялық тіркестердің құрамына кіреді. Фразеологизмдер — үш тілде де көп тараған, жиі қолданылып өздеріне тән мағыналық ерекшеліктері бар, ұлттық бояуды бойына сіңірген, дүниетанымының ұлттық ерекшеліктеріне тұнған тұрақты сөз тіркестері.

Фразеологизмдерге (грек. *phrasis* — сөйлеу оралымдары + *logos* — сөз) кемінде екі сөздің тіркесінен жасалынған, құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде конструкцияланбай, даяр қалпын сақтай отырып жұмсалатын біртұтас, мағына жағынан идиоматикалық единица [8, 220 б.] деген анықтама беріледі.

Фразеологизм, тұрақты сөз тіркестер — екі және бірнеше сөздердің тіркесуі арқылы тұтас мағына бір мағына білдіретін сөз тіркестері. Фразеологизмге тән басты белгі — туынды мағынада жұмсалып, әрдайым бейнелі мән тудырады. Фразеологизмдердің пайда болуы жөніндегі зерттеушілердің ой-пікірлері бір арнаға құйылды. Фразеологизмдердің құрамындағы сөз тіркесі о баста нақтылы бір құбылысты, қимыл-әрекетті көрсетіп, кейін ол құбылыс, әрекет, әдет-салт ескеріп, тарихи саласынан шыққанда, оны бейне-

лейтін сөз тіркесі тілде сақталып, бірақ өзге ұқсас құбылысты, әдет-ғұрыпты бейнелеуге қолданылғанын көреміз.

Ғалым Р.Ә. Авакова өзінің “Фразеологиялық семантика” еңбегіндегі фразеология теориясының — зерттеу әдістері мен методологиясын қарастыруы, қалыптасқан фразеологиялық бағыттарды саралауы, олардың белгілерін анықтауда үлесі зор. Ғалым фраземалардың ұлттық ерекшеліктерін психоллингвистикалық фактор ретінде талдаған, олардың пайда болу кездері мен қалыптасуына ұйытқы болатын этномәдени деректерді саралаған. Ғалымның айтуынша: “Фразеологиялық бірлік болып табылатын фраземалар дегеніміз — құрамындағы лексикалық компоненттер мағыналары мен оның тұтас мағыналарының еш байланысы жоқ, ауыспалы, бейнелі мағынадағы сөздердің тұрақты тіркесі” [7, 10–35 б.] болып табылады.

Зерттеушілердің пікіріне жүгінсек, І. Кеңесбаев “Тіл тілдің өзіне лайық ұлттық қасиеті оның тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен көрінеді. Фразеологизмнің түп-төркіні тым әріге кетеді. Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынған шағында ақ, талай-талай заттарды киелі санап, оларға өздерінше лақап ат қойған. . . Қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан кешіргені мәлім. Тілімізде осыған орай туған тіркестер бар” [9, 556 б.] деп фразеологизмнің шығу жолының кейбірін сөз етеді. Бесік жырларында діни лексикаға қатысты атауларды топтастырып, этнолингвистикалық тұрғыдан қарастыру кезінде, тілдің тарихын, мазмұнын көруге болады. Қазақ бесік жырларының мәні тарихы дінмен де байланысып жатыр, жыр жолдарында аллаға сыйыну, аллаға тапсыру, әруақтарды дәріптеу сияқты образды бейнелер көптеп кездеседі.

Мысалы:

*Ұйықта бөпем, ұйықтай ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.
Ғайып ерен қырық шілтен,
Ақ бесікте тербеткен.*

Информант: Тлеубаева Далапрас, 1937, Красноармейск ауданы, Күншығыс ауылы

- *Ғайып ерен қырық шілтен*; діни. Мұсылмандарды жебеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі бейнелер [10, 48 б.].
- *Ғайып ерен қырық шілтен* этнографизмінің шығу төркіні ғалымдардың болжауынша: араб тілінде /ғайыф/ — үшқан құсқа қарап алдын-ала болжайтын әулие, ерен-йаран (жаран) сөзінің өзгерген варианты тәрізді. Бұл сөздің (йаран) түбірі парсы тіліндегі *иар-дос* “жолдас”, *йары* “көмек”, “жәрдем” [11, 122 б.].
- *Ғайып ерен қырық шілтен* дегеніміз топан

суга дейін жер бетіне аспаннан адам кейшіне еніп түскен қырық періште дейді. Оның бойы ұзын, өздері бастан- аяқ әппақ киініп жүреді екен. Адамдарға пенделерді алла тағаланың ақ жолына түсірмек болып, уағыз айтып, өсиет таратқан екен [11, 122 б.].

- *Ғайып ерен қырық шілтен* ата бабаның рухы ретінде бейнеленеді. Әппақ киінген қырық қария екен. Олар құдай жолында бейкүнә жаңдарға аян беріп, тіл қатады. Кейбір адамдарға елес болып келеді. Шілтер ата — сол қырық қарияның басшысы болса керек. Сол қырық қарияның біреуі мезгілі жеткенде қайтыс болады екен. Оның қатарына бұл дүниеден өткен күнәсіз, пәк адамдар барып қосылады дейді [11, 122 б.].

Орыс, неміс бесік жырларында да құдайға жалбарыну, құдайдан тілек тілеу лексикасы көптеп кездеседі. Әсіресе, неміс, орыс бесік жырларында шіркеу лексикасы “*die Glocke*” — қоңырау / колокол, “*das Gebot*” (kirch.) — парыз / заповедь “*der Engel*” — періште / ангел, “*das Paradies*” — жұмақ / рай, “*der Geist*” — аруақ / дух т.б жиі кездеседі.

Мысалы:

Guten Abend, gut' Nacht!

Von Englein bewacht,

Die zeigen im Traum,

Dir Christleind's Baum.

Schlaf nur selig,

Schau in Traum's Paradies

Morgen frue, wenn Gott will,

Wirst du wieder geweckt.

Неміс тілінде құдайға байланысты: *um Gottes willen, um Himmels willen, in Gottes Namen, Gott bewahre! Gott erbarme!* [12, 443 б.]. Қазақ тілінде аллага сыйыну, құдайға байланысты: *аллага шүкіршілік қылдым, аллага тәуба ...* Орыс тілінде құдайға байланысты: *Христа ради, Бога ради, слава Богу, слава тебе Господи ...* фразеологизмдері кездеседі. Үш тілдегі фразеологизм мағыналары халық дүниетанымының ортақ баламалары болып табылады.

Мысалы:

Әлди, әлди Айданам,

Күнім менің Айданам,

Айдананы бергенге,

Шүкір саған бір аллам.

Орыс тіліндегі *звонить во все колокола-ның* баламасы — *an die grosse Glocke haengen, ausposaunen* [12, 223 б.].

Орыс тілінде:

Ты мороз, мороз,
Не показывай нам нос,
Уходи скорей домой,
Уведи стужу с собой.

Орыс тіліндегі *показать нос / глаза-ның* баламасы *sich irgendwo zeigen / blicken lassen, j-m et lange Nase drehen / machen* [12, 347 б.].

Салыстыру арқылы біз қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі өзіндік ой әлемінің “эталон” болып қалыптасқан фразеологизмдерді көрсетіп, тілдік сәйкестігі, рухани мәдениеті, халықтың өмір саяси жайында аздап хабардар еттік. Сәби дүниеге келуіне байланысты салт-дәстүрлер сақталып, олардың тілдегі көрінісінің дәлелдері мол. Сөз сондықтан да, бесік жырларын, ондағы фразеологизмдерден халық дүниетанымы мен тұрмыс-тіршіліктегі салт-дәстүрлеріне қатысты құнды деректер мәліметтердің өзіндік сырларын ашу үшін әлі де зерттеуді қажет ететін дүние деп айтарлық болмас.

Әдебиеттер

- [1] *Вамбери А.* Очерки Средней Азии (дополнение к путешествиям Азии). — М., 1968. — 326 с.
- [2] *Қайдар Ә.Т.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ана тілі, — 1998. — 304 б.
- [3] *Радлов В.В.* Образцы народной литературы северных тюркских племен. — СПб., 1885.
- [4] *Жұмалиев Қ.* Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. — Алматы, 1948. — 169 б.
- [5] *Уәлиев Н.* Фразеология және тілдік норма. — Алматы, 1998. — 128 б.
- [6] *Қазақ тілі түсіндірме сөздігі / Ысқақов А.Б.* бас. 2-т. — Алматы: Ғылым, 1976. — 695 б.
- [7] *Авакова Р.Ә.* Фразеологиялық семантика. — Алматы: Қазақ университеті, 2002. — 152 б.
- [8] *Тіл білімі сөздігі.* — Алматы: Ғылым, 1998. — 544 б.
- [9] *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы, 1977. — 596 б.
- [10] *Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі.* — Алматы, 1996.
- [11] *Сейілхан А.Қ.* Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Филол. канд. ... дисс. Автореф. — Алматы, 2001.
- [12] *Langenscheidet.* Verlag Enzyklopaedie. Leipzig, Berlin. — 946 S.